

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 298 (2014), 206 – 211

**INDIVIDUAL FEATURES OF CHARACTERS ARE IN FICTION
(There is "Block" on the novel of Chingiz Aitmatov)**

A. Shamakhova

Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Key words: literature, genre, works, humanity, psychology, history.

Abstract. In basis of works of literary genres (epos, lyric poetry, drama) a basic role is taken to the ideological-composition relations, comparison of psychology of characters, spirituality. The mutual relations of descendants of Adam and Eva, telling about the inherent varieties of character to every individual, are described in history of humanity, talked about acts, changes of mood and situation during centuries in folklore and literature.

ӨОЖ 573.71.5

**КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ
ПСИХОЛОГИЯСЫН ДАРАЛАУ
(Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романы бойынша)**

А. Шамахова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: әдебиет, жанр, шығарма, адамзат, психология, тарих.

Аннотация. Әдебиет тектері (эпос, лирика, драма) жанрларындағы шығармалардың идеялық-композициялық желісіне адамзаттың мінез-құлық психологиясындағы қайшылықтар мен үндестіктер жағаласқан жан ділі әлемі негізге алынады. Адамзат тарихындағы Адам Ата мен Хауа Ананың ұрпақтары арасындағы қарым-қатынастармен қалыптасқан мінез-құлық психологиясындағы әрбір пенденің әрқайсысына тән даралық өзгешеліктері мен үндескен көңіл-күйлері нәтижесінде болатын іс-әрекеттер ғасырлар бойы фольклор мен әдебиет мұраларында тұрақты желі болып келеді.

Сөз өнері шығармалары – адамзат ұрпақтары тұрмысын көркем шындық поэтикасы заңдылығымен романтикалық және реалистік көркемдік тәсілдер тұтастығымен бейнелейді. Көркем шығармалардағы мінез-құлық психологиясының даралануы арқылы тіршілік әлеміндегі ақыл-ой иелері адамдардың әрқайсысына тән физикалық-психологиялық ерекшеліктер айқындалады. Әрбір адам – өзіндік биологиялық, психологиялық ерекшеліктері дара жаратылған саналы ақыл-ой иесі. Отбасылардағы әрбір мүшелерінің өзіндік жан ділі болмыстарындағы қандастық-әулеттік тектестігі, үндестігі, ұқсастығы болса да халық даналығында айтылғандай «Бір анадан ала да, құла да туады» деген заңдылық айқын байқалады. Сондықтан адамзат ұрпақтарына тән осындай әуелгі тектік негіздер сақталса да, тіршілік қозғалысындағы іс-әрекеттерінің, мінез-құлық психологиясының қарама-қайшылықтарға негізделетіні адамзат тарихында тұрақты сақталып келеді.

Көркем әдебиет шығармаларында суреткер жазушылар адамдардың қоғамдық-әлеуметтік ортадағы осындай биологиялық-психологиялық ерекшеліктерін негізге ала отырып, тіршілік өмір қозғалыстары жүйесіндегі қоғамдық-әлеуметтік ортаның қарама-қайшылықтарын, қақтығыстарын басты назарда ұстайды.

Суреткер жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Жан пид» романындағы [1] кейіпкерлерді даралауда өмір философиясының осындай психологиялық сипатының негізге алынғанын оқимыз: «Тарихи қоғамдағы келесі өзгеріс – еңбек ұжымы санасының, индивидті құраушы сананың алғашқылығы кезеңінің бұзылуы. Бұл индивидтің өмір қатынастарының маңызды құбылыстарын ұғыну шеңберінің кеңеюіне байланысты. Мұнда қоғамның екіге бөлінуі қоғамдық өнім мен өндіріс құралдарына деген қарама-қайшы қатынасты көрсетеді, осыған сәйкес сана да қарама-қайшылықты көреді. Сонымен бірге ақиқат өмір шындықтарын нақты индивидтермен ұғыну процесінде идеологиялық түсініктер пайда болады.

Адам іс-әрекетін сипаттайтын қарапайым қатынастарды талдау кезінде көрінетін ішкі қарама-қайшылықтардың дамуынан туатын күрделі ішкі байланыстардағы күрделі көріністер пайда болады» [2, 48-б.]. Демек, Шыңғыс Айтматовтың «Жан пид» романының идеялық-композициялық желісіндегі сюжеттік бөліктерде әр алуан әлеуметтік орта адамдарының қарама-қайшылықты мінез-құлық психологиясы ерекшеліктерімен бірге өмір сүріп, қақтығыса, тартыса жүріп жатқан тұрмыстық жағдайларын көреміз.

Романдағы айрықша даралана мінезделген кейіпкерлер Бостон Үркіншиев пен Базарбай Нойғұтов. Екеуі де қой бағатын шопан. Жазушының эпикалық баяндауларынан ұғатынымыз – Бостон Үркіншиев – шаруашылықтағы озат шопан екендігі, ауыл-аймаққа, ауданға, облысқа беделді еңбек адамы. Жазушы сол тіршіліктің қат-қабат тұрмыстық әрекеттері ортасындағы адал пейілді еңбексүйгіш, шынайы азаматтық тұлғалы үлгілі адамдар қасиеттері тұла бойына жинақталған Бостонның болмысын даралаған. Оның сол тұлғасының даралану сипатын қараптан-қарап жүріп қызғанатын, тар пейілді, күншіл, маскүнем Базарбайдың ойлауы мен авторлық эпикалық баяндау тұтастығымен оқырманға әсерлі ұғындырған: «Облыс басшылары озат шопан Бостонның отарында өндірістік семинар өткізуге нұсқау беріп, Бостонның тәжірибесі бойынша қозыларды қалай өлтіріп алмау, жоспарды қалай орындау туралы лекцияны қызғаншақ Базарбай жұртпен бірге амалсыз тыңдайды. Базарбайдың пайымдауы бойынша малды қалай бағуды («қыста жем-шөпті уақтылы бер, жазда қойды өріске ертерек шығар, кеш жат. Не керек жұмысты жақсы істе, малдан көзінді айырма») [1, 234-б.] өзі де білетінін айтып оңашада кіжініп жүреді. Бұл арада қызғаншақ, күншіл адамдардың психологиясы бойынша Базарбайдың іштарлық пиғылы аясында Бостонның шаруақор, ұқыпты адамға тән болмысы дараланған: «Бірақ біреудің шаруасы жақсы, біреудің шаруасы нашар болып жатады. Біреудің жолы болып жатады, біреудің жолы болмай жатады. Айталық, міне, мына Бостонның отарында мотор істеп тұр. Түні бойы үйінде де, сарайында да, аула айналасы самаладай жап-жарық. Ал неге? Бостон амалдап екі мотор тауып алған. Біреуі істен шықса, яки ремонтқа тұрса, екіншісі істеп тұрады. Ал Базарбайда, басқа шопандарда жыл бойы бір-ақ мотордан ғана бар. Ал жалғыз моторға қараған күні құрсын: бірде істейді, бірде істемейді, жанармайды кейде әкеледі, кейде әкелмейді; кейде бірденесі сынып қалады.

...Ал енді қараса ақпан бойынша шопан бригадаларының бәрі де электрмен қамтамасыз етілген, ал іс жүзінде сымпылбай да жоқ...

Сонда кім жақсы? Әлбетте, Бостон жақсы. Әрі десе арақ ішпейді. Кім жаман? Базарбай және Базарбай сияқтылар жаман. Әрі десе олар ішіп жүреді.

Сәл қит етсең: «Қара анау Бостон Үркіншиевке. Озат деп осыны айт, үлгілі деп соны айт...» – деп көзіңе шұқиды. Базарбай сол озат-құнамақордың тұмсығын бұзып берер еді! Ал Бостонның жолы болғыш-ақ. Оған жәрдемшілікке тәуір адамдар да келгіш, бір келсе – кетпейді, бәрі ынтымақтасып бір семьядай жұмыс істейді. Базарбай да, Базарбай сияқты көптеген басқа шопандар да әлдеқашан өшіп қалған моторға қолдарын бір-ақ сілтеген, баяғы бабаларша жермай шам жағады, қол фонарымен күнелтеді. Ал Бостонның МИ-1157 электрогенераторлы агрегаты қораның сыртында сағаттың тіліндей сартылдап тұрады.

...Иә, Бостонның жолы болғыш-ақ, ол анық. Өне, ауласына қарашы: көлденең жатқан бір қылтық жоқ. Қой қорада тұрса да үйі самаладай жап-жарық, мұнтаздай тап-таза» [1, 234-235-бб.].

Бұл – суреткердің көркемдік тәсілінің көрсеткіші. Кейіпкерлерді қарама-қайшылықты мінез-құлық психологиясымен ойлаушылардың жан діліндегі бағалаулармен мінездеу, даралау – суреткер тәсілінің ұтымды сипаты. Тіршілік қозғалысында сонау адам Ата мен Хауа Ананың үлкен ұлы Қабылдың өзінің туған інісі Абылдың озық, озат болмысын қызғанып, күншілдікпен өлтіргені – адамзат тарихының ақиқаты. «Жан пид» романында күншіл, қызғаншақ, маскүнем Базарбай сол

тарихи дәстүрдің жалғасқан көрсеткіші. Тұрмыста өзін, отбасын, кәсібін, жерін, т.б. – бәрін жан-тәнімен сүйген адамгершілік-имандылық ұстанымына берік Бостонды Базарбайдың ата жауындай өшіге жек көргенін, қызғаншақтық, күншілдіктің отына өртене, күйіне жүріп, Бостонға тек жамандық тілеуін, т.б. – бәрін де жазушы қақтығыстар жанталасқан тіршілік қозғалыстары заңдылықтарымен өмір философиясына негіздеп жазған.

«Жан пиди» романының тұтас желісін құрап тұрған өзекті мәселе – адамдардың жан ділі әлемі мен оларды қоршаған жаратылыстың, қоғамдық-әлеуметтік ортаның тартыс (конфликт) психологиясы. Романдағы ежелгі дүние адамдарының (Иисус Аристос пен прокуратор Понтий Пилат) имандылық пен озбырлық-өктемдік, бергі дәуірлер пенделерінің (Гурам Джохадзе мен Сандро) мәрттік пен опасыздық, қазіргі қоғам мүшелерінің (Авдий Каллистратов және нашақорлар, акбөкендерді қырған мемлекеттік браконьерлер, имандылық пен имансыздық ұстанымдары тартыстарының үздіксіз жалғасып келе жатқан трагедиялық жолды көреміз. Демек, романдағы қоғамдағы озат, үлгілі тұлға Бостон Үркіншиев пен кертартпа, маскүнем, қызғаншақ, күншіл Базарбай Нойғұтов арасындағы қайшылықты сипаттардың жекеліктен ұлғайып, жалпылық сипат алатынын сезінеміз.

Бостон Үркіншиев – адамзат өркениетін қазіргі заманғы даму, өркендеу биіктіктеріне көтерген бұған дейінгі мыңжылдықтар белестерінен бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан озат адамдардың көркем шындықпен жинақталған көрнекті көрсеткіші. Адамгершілік-имандылық қасиеттері мен еңбегін отбасына, жарына, балаларына өзі өмір сүріп отырған қоғамға адал көңілімен арнаған, жаңашылдығымен, ұқыптылығымен, адамдарға да, жаратылыстағы барлық тіршілік иелеріне де тек ғана жақсылық тілеуші осындай тұлғалар ғана өмірдің мағыналы мәнін, мәңгілігін дәлелдеумен келеді.

Бостон – романның негізгі идеялық, көркемдік түйінді өзекті тағылымын танытатын басты тұлға. Романның идеялық-композициялық желілеріндегі қайшылықты мәселелердің жинақтала келе Бостонға қатысты сюжеттік бөліктерге тоқайласатыны да табиғи заңды. Себебі, адам мен табиғаттағы басқа да тіршілік иелері арасындағы табиғи үйлесімділіктің бұзылуының бүкіл қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортаға тән қақтығыстарға ұрындыратыны, соның салдарынан жеке адамдардың, олардың отбасыларының, бүкіл жаратылыс қатынастарының трагедиялық жағдайға, жалпыадамзаттық экологиялық қасіретке ұшырайтыны дәлелденген. Сондықтан, романдағы адамдардың мінез-құлық психологиясының даралануындағы тартыс (конфликт) мәселесінің өзектілігін айрықша назарға аламыз:

«Конфликт (от лат. *conflictus* – столкновение) – столкновение противоположного направленных целей интересов, позиций, мнений или взглядов оппонентов или субъектов взаимодействия. В основе любого конфликта лежит ситуация, включающая либо противоречивые позиции сторон во какому либо поводу, либо противоположные цели или средства и достижения в данных обстоятельствах, или несовпадение интересов, желаний, влечений оппонентов и т.п. Конфликтная ситуация, таким образом, содержит субъектов важного конфликта и его объект.

...Развитие конфликта обычно идет в следующей последовательности: а) постепенно усиление участников конфликта за счет введения все более активных сил, а также за счет накопления опыта борьбы; б) увеличение количества проблемных ситуаций; в) повышение конфликтной активности участников, изменение характера конфликта в сторону его ужесточения, вовлечения в конфликт новых лиц; г) нарастание эмоциональной напряженности, сопровождающийся конфликтные взаимодействия которая, может оказать как мобилизующее, участников конфликта; д) изменение отношения к проблемной ситуации и конфликта в целом» [3, с. 174-175.].

Романдағы тартыс (конфликт) басты кейіпкерлер Бостон мен Базарбай екеуінің екі түрлі мінез-құлық психологиясы өзгешеліктерінен туындайды. Бұл – романға арқау болған өмір шындығы оқиғаларының негізгі тіні. Тартыс – бір-бірімен ешқашан бітімге келмейтін мінез-құлық иелері арасында болған, болып келе жатқан, болашақта да бола беретін әлеуметтік қарым-қатынастың, шиеленістің түрі.

«Жан пиди» романындағы басты кейіпкерлер Бостон мен Базарбай арасындағы тартыстың басты себебі – күншілдік, қызғаншақтық мінез-құлық иесі Базарбайдың іс-әрекетіндегі тар дүниетанымы. Өзімен әріптестік, шопандық қызметте жүрген Бостонның отбасындағы қазіргі әйелі Гүлімқанмен, бұрынғы әйелінен қалған екі қызының тұрмысқа шығып кеткендерінен автордың

эпикалық баяндау арқылы хабардар болған оқырман Базарбайдың берекелі Бостонның отбасына қызғанышпен, күншілдікпен қараған іс-әрекеттерінен сескеніп отырады. Асуда мерт болған досы Ернардың жесірі жас, көрікті Гүлімқан туралы Базарбайдың жымсықы, тіміскі ойлары («Адамның бағы бір ашылса, жолы бола береді екен. Асуда мерт болған Ернардың жесірі мұндай көрікті, әрі қартаймаған екенін Базарбай бұрын байқамапты ғой. Енді ғой осы Гүлімқан Бостонның әйелі. Бұрынғы күйеуі мерт болып, қайғы көрсе де, түріне қарап бақытты дерсің. Жасы қырыққа шамалас пе екен, әлде одан да жасырақ па! Ернардан қалған екі қызы бар еді, екеуі де интернатта оқып жүр. Ал ол аз болса, осы таяуда ғана Бостонға тағы бір бала – ұл тауып берді. Тағы да Бостонның жұлдызы онынан туды») [1, 235-231-бб.] да осындай тектес ұсақ ойлы адамдардың ішкі жан дүниесінде болып жататын ойларды дәлелдейді.

Базарбай – адамдар ортасындағы ақыл-ойы, пейілі тар, тек жамандықтан басқаны ойламайтын пенделердің жинақталған тұлғасы. Ол Бостонның еңбексүйгіштігімен, тиянақтылығымен озат шопан болғанын да, аудан, облыс басшыларының оны сыйлайтынын да, отбасындағы әйелі Гүлімқанның жастығын, көріктілігін, ұл тапқанын да, т.б. – бәрін де қызғанады Базарбай күншілдіктің отына өртеніп жүретін, үнемі Бостонмен ерегісу, қырқысу, оған қарсы шығу жағдайында бейнеленген. Тіпті өзінің мініп жүрген көлігін («Бір жақсысы, әйтеуір, аты мықты еді. Жалғыз жұбанышы сол ғана. ...Неғылса да жүйрік ат тау-тасында киікше секіреді, ең бастысы – шыдамды, қасқырдай тірмізік. Ылғи да үстінен ер-тоқым түспейді, бірақ аритын түрі жоқ, бұл өңірдегі қойшыларға, сірә, мұндай – жылқы баласы жоқ») [1, 210-б.]. Місе тұтпай, Бостонның атын да қызғанады, өзінікіне қанағат етпейді:

«...Бостонда бір ат бар. ...Бостон осы совхоздың озаты, ой, өзі оңбаған неме. Базарбай екеуі де бір екенін Құдай білсін, өмір бойы бірін-бірі жек көріп келеді. Иә...Әне, ат деп сонікін айт. Түсі де келіскен – алтын сары. Дон нәсілінен. Оны жұрт – Донкүлік деп атап кеткен. Бостонның аузының салуы бар-ақ. Атты мәпелеп ұстайды. Әйтпегенде қайтсін – анандай атқа мініп, шыртып жүргісі келеді, әйелі болса жас» [1, 220-221-бб.].

Базарбайдың отбасы да берекесіздік, жағымсыздық жайлағандығымен баяндалған. Қатыны Көк Тұрсын да өмір бойы маскүнем, берекесіз Базарбаймен ірге өмір сүрген, интернатта оқитын балалары бұзық болып кеткен, берекесіздік жайлаған тұрмысына мейлінше наразы көкайыл, көкдолы әйелдердің көркем жинақталған бейнесі. Оның мінез-құлқын, сөйлеген сөзін күйеуі Базарбайдың өз әйеліне далада жүріп, ойлауымен беріп келе жатқан бағалауларынан білеміз:

«Жолда келе жатып, Базарбай осындай бір ащы ойлардың тұңғығына түсіп кетті. ...Көңіл әлемі – тапырық. Бәрі де әлгі сұрқия қатынынан болды... Ой әбілет! Әйтеуір, қыстырыла кетеді, қалайда шаң-шұң шығарады. Бұл жолы да тағы бөтен адамдардың көзінше бажылдады-ай келіп. Бажылдамаса басы ауыратындай. Бүкіл өмірі осылай итшілеп өтіп арады. Бұрынғылар: «Әйелің түнде мысықтай еркелейді, күндіз жыландай ысқырады,»-деп, екер айтпаған ғой. Қарашы енді!» [1, 219-б.].

Романдағы тартыстың (конфликтінің) өзегінде Базарбай мен оның әйелі Көк Тұрсын сынды отбасылардан өсіп-өнген ұрпақтардың қоғамға, халыққа тиетін зардабы айқындалады. Бұлардың интернатта оқитын балалары да бұзық, арақты суша сіміретін маскүнемдер, әке-шешесіне көмектеспейтін арамтамақтар.

Базарбай мен әйелі Көк Тұрсынның өзара ерлі-зайыпты қарым-қатынастарының суреттелуі («Ой, ит қаншық! Өмір бойы бет-жүзі көкпеңбек болып, таяқ жеп көгеріп жүреді. Содан да Көк Тұрсын атанып кеткен. Қанша ұрып-соқсаң да ақылы кірмейді, күйдіргі тілін тартпайды») [1, 220-б.] шынайы. Адамдардың алдында абыройын айрандай төгетін шабалаңдауын, бажылдауын қойдыру үшін Базарбай қаншама рет көзін шарасынан ағыза жаздап, буындырып, қылқындырып та көреді. «Енді үнімді шығармайын!» деп жалынады, бірақ қайдан болсын», талай рет өзінше жазалайды. Демек, Базарбай мен Көк Тұрсын – адамзат қауымы ортасындағы өнегесіздіктің, жағымсыздықтың ұясы болған отбасылардың ең жиіркенішті, жексұрын бір үлгісі.

Романдағы әлеуметтік ортадағы тартыстың көп тараған түрлерінің бірі – өзіншіл басшы мен жаңашыл еңбек адамы арасында болатындығы совхоз порторгы «облыстық партия мектебінің дипломын алған кәдімгі білімпаз» [1, 262-б.] Кочкарбаев пен озат шопан Бостон Үркіншиевтің арасында болады. Бостон – шаруашылықтың жүйелі сапамен өнімді жұмыс істеуі үшін өз бригадасының тұрақты пайдаланылуы үшін жер бөлінуін, бекітілуін талап ететін жаңашыл шопан. Ал,

парторг Кочкарбаевтың бұл ұсынысқа қарсылығы – саяси ұстанымды жалаң догмаға бағындырып, қасарысып қалған тар ойлы бюрократтың көзқарасы:

«Жер біздің елде халықтыкі, тек халықтыкі, басқа ешкімдікі де емес. Ал сіз ғой қыстауды да, жайлауды да, қора-қопсы, жем-шөп, басқа құрал-сайманды да тіпті өз меншігіңіздей талап етесіз. Біз бұған жол бере алмаймыз- біз социализмнің принциптерін бұза алмаймыз» [1, 262-б.]. Осындай догмаға айналған әсіре белсенді саясиленген демагогиялық сөздерімен өздерінен басқа ешкімді дұрыс санамайтын парторг Кочкарбаевтың Бостонды айыптап «...Сіз кулактың демагогиясын өршітіп тұрсыз. Бірақ есіңізде болсын, Сіздің заманыңыз өткен! Біз социализмнің негіздеріне қол сұғуға ешкімге жол бермейміз» [2, 283-б.] – деп сөйлеуі де әсіре әміршіл-тоталитарлық қоғамның сүйкімсіз келбетін елестетеді.

Парторг Кочкарбаев – ХХ ғасырдың 20–80-жылдары Кеңес Одағы атты социалистік, бірақ бюрократтық-тоталитарлық басқару жүйесімен өмір сүрген, ақыры сол іріп-шіріген бөспеліктің, жалған ұраншылдықтың, әсіре белсенділіктің салдарынан өзінен-өзі қираған, ыдырап кеткен, бүгіндері өткені тарих боп қалған мемлекеттегі «қайраткерсымақтарының» жинақталған бейнесі.

Өркениет кеңістігіндегі жаңалықтарының бәрінен жиырылып, қашқақтап, ақырында планетадағы инновациялық технологиялық, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерінен әлдеқайда артта қалып қойған кеңестік жүйе – ақырында тоз-тоз болып, өзінен-өзі ыдырап кетті. О бастағы идеалдары жақсы басталған, еңбекші халықтың өшкендері жанған, мәңгілік бақытты, молшылық жайлаған қоғам болатыны күмән туғызбаған кеңестік жүйе осы «Жан пиди» романындағы парторг Кочкарбаевтардың, Базарбайлардың, т.б. күйкілердің кесірінен мүрдем кетті-ау!

Бостон совхоз директоры Шотбаевпен пікірлескенде де парторг Кочкарбаев туралы, кеңестік жүйенің керітартпалық сипаты туралы шындық тілімен әшкерелей сөйлейді:

«...Дәл мен бір социализмді құлатайын деп жатқандай неге ол сонша жұртты шошытып бопсалай береді? Мүлде шындық емес қой. Рас, мен бірдеңе талап етеді екенмін, ол істің мүддесі үшін ғой. Жерді мен сатып жібермеймін, біреуге беріп жібермеймін, совхоздың жері екен – қалады сол совхозда.

...Жазаласаң – жаңалық ашқан адамды жазалама, сол жаңалық қолынан келетін, бірақ қолынан келе тұра істеткісі келмейтін адамды жазалау керек. Ал бізде бәрі де керісінше» [1, 266-267-бб.].

Романдағы басты кейіпкер Бостон – жеке тұлғалық сапалық қасиеттері жинақтала дараланған кейіпкер. Жеке тұлға психологиясына арналған ғылыми-зерттеулерден [4, 401-б.] адамдардың ұжым ортасындағы даралықтары да өзара ықпалдастық-әрекеттестік психологиясы да сараланғанын оқимыз. Бостонның совхоз шаруашылығын, қой бағуды, күтуді, көбейтуді жаңашылдықпен дамытқысы келетіні, бірақ керітартпа саяси, әкімшілік басқару жүйесінің оның өрелі ойларымен, ұсыныстарымен санаспағаны, алайда оның өзіндік турашыл, адал пікірлерінен бас тартпағанын, өмір шындығы бойынша ақыры оның жолының қазіргі кезде дұрыстыққа айналғанын көреміз. Бостон мен Базарбайдың арасындағы тартыстың, қақтығыстың ақыры романның соңында қайғылы оқиғамен аяқталады.

Аққұртқа мен Тасшайнардың апан үңгіріне барып, олардың бөлтіріктерін алып кеткен Базарбайдың жолда Бостонның үйінде болғаны, одан бөліріктерді алып кетсе де күшіктерін сол Бостонның үйінде тұрғандай сезінген қасқырлардың үйді, қораны күндіз-түні торуылдағаны, түнімен ұлытыны, ақыры әбден мазасы кеткен Бостон мен Гүлімқанның шарасыз күйге ұшырағанын көреміз.

Үйін күндіз-түні торуылдаған, ұлыған қасқырлардан құтылу үшін Бостон ақыры Базарбайға барып, бөлтіріктерді өзіне сатса да беруін сұрағанда ол бәрі бермейді. Бостонды сөгіп, оның ар-ожадына тиетін ауыр сөздер айтады. Ал, аудан орталығында Базарбайдың досы Көр Саматпен бірге Бостонның асханада отырғанында кездескенде де, өзіне орынсыз тиіскенде Базарбайды соққыға жыға жаздаған ашуын тежейді. Бұл – Бостонның парасатты тұлғаға тән қасиеті. Базарбайдың соқтыға сөйлегеніне («Қайда асығасың, оңбаған! Біз әлі қасқырлар жөнінде әңгімелескен жоқпыз. Директордың кабинетінде күллі жұрттың көзінше мені арандатушы деп маған бола қасқырлар қаскөйленіп кетті деп оттапсың ғой. Арандатушы дегеннің не екенін мен білмейді деп ойлайсың ба? Мен фашист те, жалғыз адал сен екенсің ғой») [1, 299-б.]. Осы арада оқырман Бостонның нағыз азамат, тұлға тұғырындағы болмысын жазушының баяндау мен монолог арқылы беруінен түсіне алады:

«Бостон ұшып түрегелді. Енді екеуі бетпе-бет келіп қалды. – Тектен-текке тантыма, – деп Бостон Базарбайдың арынын басты. – Мен сені фашист деген жоқпын аузыма түспепті, әйтпесе айта-

тын едім. Ал сені арандатушы ,әрі мисыз зұлым дегенім рас. Мен оны саған бұрын да айтқанмын, қазір де айтамын. Бірақ енді маған тиіспей, өз орнына барғаның дұрыс болар» [1, 299-б.].

Романдағы басты кейіпкер Бостонның жеке тұлғалық даралана мінезделген болмысынан адамзат ұрпақтары ортасындағы адамгершілік имандылық қасиеттері айқындалған.

«Жан пида» романындағы Бостон мен Базарбай арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісе келе шарықтау шегінде өтеді. Ақырында кішкентай ұлы Кенжеші ала қашқан Аққұртқаны атуы кезінде сол оқтан ұлы да өлген, әбден қанына қарайған Бостонның Базарбайды іздеп келіп атып өлтіргенін оқимыз. Бұл – тіршілік қозғалысындағы қақтығыстардың, қайшылықтардың асқына келе осындай трагедиямен аяқталатынын дәлелдеу шешімі. Романдағы бүкіл қақтығыстардың, тартыстардың көркемдік түйініндей болып берілген Бостонның соңғы монологу да автордың жинақтаумен берілген бағалаулары да өмірдің қиындығын көз алдымызға әкеледі:

«– Ақыр заман, міне, осы – деді Бостон даусын шығарып. Сол сәтте көз алдына сұмдық сурет келді: осы уақытқа дейін күллі дүние осының өз басында еді, енді сол дүниенің ақыры соқты. Көк аспан да, қара жер де, асқар таулар да, Аққұртқа да, бүкіл тіршіліктің ұлы анасы да, Аламеңгі асуындағы мұз шыңырауда мәңгі қатып қалған Ерназар да, өз қанынан жаралған,өзінің суреті болған, өзі атып алған кенже сәби Кенжеш те, өзі аластап, өзі атып өлтірген Базарбай да – бәрі-бәрі басқа біреулер емес, Бостонның өзі болатын. Туасы көрген-білгені, ғұмырда бастан кешкені- бәрі-бәрі оның әлемі еді, бәрі де Бостон өмір сүргенде ғана бар болатын. Бостон үшін бар болатын. Ад Бостонсыз тіршілік – басқа тіршілік, Бостонсыз әлем – басқа әлем. Ал Бостонның әлемі –қай-таланбас, қайта жаңармас әлем. Ол енді ешкімде де, ешқашан да қайталанбақ емес. Ол оның ұлы қиямет-қайымы еді, ол оның ақыр заманы» [1, 318-319-бб.].

Көркем шығармадағы мінез-құлық психологиясын даралау, сол арқылы кейіпкерлерді мінездеу – классикалық әдебиет дәстүрі. Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романының идеялық-композициялық желілерін құрайтын сюжеттік бөліктердегі қоғамдағы дара тұлғаларды мінездеудегі тартыстың, қақтығыстың мәнін айқындау айрықша белсенді қызмет атқарады.

Қорыта айтқанда, көркем шығармадағы басты кейіпкерлердің мінез-құлық психологиясын даралау, мінездеу арқылы адамьану әлемінің сырлары оқырмандарға кеңінен таныла түседі.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Айтматов Ш.Т. Жан пида: Роман. – Алматы: Атамұра, 2005. – 320 б.
 [2] Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. – 2-том: Психология ғылымындағы іс-әрекет теориясы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 480 б.
 [3] Психология. Словарь / Под общ. А. В Петровского, М. Г. Ярошевского. – 2-изд., испр. и доп. – М.: Политиздат, 1990. – 494 с.
 [4] Айзенк Г.Ю. Жеке тұлға құрылымы // Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. – 10 томдық. – 5-том: Гуманистік психология. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2005. – 480 б.

REFERENCES

- [1] Aytmatov Sh.T. Jan pi"da: Roman. Almati': Atamura, 2005. 320 b.
 [2] Psi"hologi"ya. Adamzat aqi'l-oyi'ni'ng qazi'nasi'. 10 tomdi'q. 2-tom: Psi"hologi"ya ghi'li'mi'ndaghi' is-a'reket teori'yasi'. Almati': «Taymas» baspa u'yi, 2008. 480 b.
 [3] Psi"hologi"ya. Slovar#. Pod obshh. A. V Petrovskogo, M. G. Yaroshevskogo. 2-ei"zd., i"spr. i" dop. M.: Poli"ti"zdat, 1990. 494 s.
 [4] Ayzenk G.Yu. Jeke tulgha qurili'mi'. Psi"hologi"ya. Adamzat aqi'l-oyi'ni'ng qazi'nasi'. 10 tomdi'q. 5-tom: Gwmani"stik psi"hologi"ya. Almati': «Taymas» baspa u'yi, 2005. 480 b.

ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ХАРАКТЕРОВ В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ (По роману Чингиза Айтматова «Плаха»)

А. Шамахова

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: литература, жанр, произведения, человечество, психология, история.

Аннотация. В основе произведений литературных жанров (эпос, лирика, драма) основная роль отводится идейно-композиционным отношениям, сопоставлению психологии характеров, духовности. В истории человечества описываются взаимоотношения потомков Адама и Евы, рассказывающие о присущих разновидностях характера каждому индивидууму, говорится о поступках, изменениях настроения и обстановки на протяжении веков в фольклоре и литературе.

Поступила 12.11.2014г.